

## Есіл аудандық мәслихатының регламенті туралы

### **Күшін жойған**

Есіл аудандық мәслихатының 2004 жылғы 21 мамырдағы N 7/2 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2004 жылғы 06 маусымда N 2595 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Есіл аудандық мәслихатының 2005 жылғы 22 сәуірдегі № 15/6 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Есіл аудандық мәслихатының 2005 жылғы 22 сәуірдегі № 15/6 шешімімен**

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 8 бабына сәйкес Есіл аудандық мәслихаты ШЕШІМ ЕТТИ:

1. Есіл аудандық мәслихатының регламенті бекітілсін (қоса тіркелді).
2. Шешім Ақмола облысында Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуден откеннен кейін күшіне енеді.

**Аудандық мәслихаттың YII сессиясының төрағасы  
Аудандық мәслихат хатшысы**

Ақмола облысы Есіл аудандық мәслихатының 2004 жылғы 21 мамырдағы N 7/2 шешіміне N 1 қосымша

**Есіл аудандық мәслихатының**

### **РЕГЛАМЕНТІ**

#### **1 тарау. Осы Регламентте пайдаланылатын негізгі ұғымдар**

1. Жергілікті өкілді орган (мәслихат) - ауданың халқы сайланатын, халықтың еркін білдіретін және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес оны іске асыру үшін қажетті шараларды белгілейтін және олардың жүзеге асырылуын бақылайтын сайланбалы орган;

2. Аудандық мәслихат сессиясының төрағасы - аудандық мәслихат депутаттарының арасынан сайланатын, мәслихат сессиясында ұйымдастырушылық-білік ету қызметін жүзеге асыратын, мәслихаттың лауазымды адамы;

3. Аудандық мәслихат сессиясы - аудандық мәслихат қызметінің негізгі нарысаны;

4. Аудандық мәслихат аппараты - аудандық мәслихаттың, оның органдары мен депутаттарының қызметін қамтамасыз ететін мемлекеттік мекеме.

## **2 тарау. Аудандық мәслихат үшін белгіленетін негізгі талаптар мен шектеулер**

Аудандық мәслихат өз қызметінде:

1) жалпы мемлекеттік сыртқы және ішкі саясатқа, қаржы және инвестициялық саясатқа сәйкес келмейтін шешімдердің қабылдануына жол бермеуге;

2) ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде Қазақстан Республикасының мұдделерін сақтауға;

3) Қызметтің қоғамдық маңызы бар салаларында белгіленген жалпы мемлекеттік стандарттарды ұстануға;

4) азаматтардың құқықтары мен заңды мұдделерінің сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

2. Аудандық мәслихатқа Қазақстан Республикасының шегінде бірыңғай еңбек рыногын, капиталды, қаржыны қалыптастыруға, тауарлар мен қызмет көрсетуді еркін алмасуға кедергі келтіретін шешімдер қабылдауға тыйым салынады.

3. Аудандық мәслихат қабылдайтын аумақты дамыту жоспарлары Қазақстан Республикасының стратегиялық даму жоспарларына сәйкес келуге тиіс.

4. Аудандық мәслихаттың қызметі мәселелерді ұйымдастыру түрде талқылап шешуге, еркіндікке, жариялышыққа, өзі құрған органдар алдында есеп беруге, жауапкершілікке, қоғамдық көзқарастағы аудандағы мемлекеттік және қоғамдық істерді басқаруға азаматтарды кеңінен тартуға негізделген.

5. Аудандық мәслихат аудандық мәслихат депутатын "Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару туралы" заңында, осы регламентте, басқа да заңды актілерде белгіленген құқықтары мен міндеттерін кедергісіз жүзеге асыруын қамтамасыз етеді.

Аудан мәслихаты өз қызметін оның сессиясында бекітілген Кешенді жоспарға сай жүргізеді.

## **3 тарау. Аудандық мәслихаттың құзыреті**

1. Аудандық мәслихаттың құзыретіне:

1) тиісті аумақты дамытудың жоспарларын, экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын, жергілікті бюджетті және олардың атқарылуы туралы есептөрді бекітү;

2) аудандық аумағында қоршаған ортаны қорғау мен табиғатты пайдалану жөніндегі бағдарламаларды және қоршаған ортаны қорғау, сауықтыру жөніндегі шығыстарды бекіту, сондай-ақ облыстық қоршаған ортаны Қорғау саласындағы заңдарға сәйкес өзге де мәселелерді шешу;

3) аудандық әкімінің ұсынуы бойынша ауданды басқару схемасын бекіту;

4) өзінің қарауына жатқызылған аудандық құрылыш және жергілікті қауымдастық ұйымының шекараларын айқындау мәселелерін шешу;

5) аудан әкімінің ұсынысы бойынша мәслихат сессиясының шешімімен аудандық әкімдіктің дербес құрамын келісу;

6) атқарушы органдар басшыларының есептерін қарау және тиісті органдарға мәслихат шешімдерін орындағаны үшін мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарын, сондай-ақ ұйымдарды жауапқа тарту туралы ұсыныстар енгізу;

7) Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес азаматтардың құқықтары мен занды мұдделерін қамтамасыз ету жөніндегі өкілеттіктерді жүзеге асыру;

8) Қазақстан Республикасының әкімшілік, құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес, бұзғаны үшін әкімшілік жауаптылық белгіленетін ережелерді бекіту;

9) аудандық дамыту жоспарларының, экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларының, аудандық бюджеттің атқарылуына бақылау жасау;

10) аудандық мәслихаттың тұрақты комиссиялары мен өзге де органдарын құру, олардың қызметі туралы есептерді тыңдау, аудандық мәслихаттың жұмысын ұйымдастыруға байланысты өзге де мәселелерді шешу;

11) халықтың жұмыспен қамтылуына жәрдемдесу мен кедейлікпен құрес бағдарламаларын бекіту;

12) аудан әкімінің ұсынуы бойынша ведомствоаралық сипаттағы мәселелер бойынша дербес құрамын бекіту;

13) Қазақстан Республикасының жер зандарына сәйкес жер қатынастарын реттеуді жүзеге асыру;

14) азаматтар мен ұйымдардың Қазақстан Республикасы Конституциясының, зандарының, Қазақстан Республикасы Президенті мен өкіметі актілерінің, орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінің нормаларын орындауына жәрдемдесу;

15) осы Занда және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде белгіленген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады.

2. Аудандық мәслихат құзыретіне, сондай-ақ аудан аумағында орналасқан қала, ауылдар салудың бас жоспарларын бекіту де жатады.

#### **4 тарау. Аудандық мәслихаттың актілері**

1. Аудандық мәслихаттың өз құзыретіндегі мәселелер бойынша шығаратын шешімдері аудандық мәслихаттың актілері болып табылады.

2. Аудандық мәслихаттың жергілікті бюджет кірістерін қыскартуды немесе жергілікті бюджет шығыстарын ұлғайтуды көздейтін шешімдерінің жобалары аудан әкімінің оң қорытындысы болған жағдайда ғана қарауға енгізілуі мүмкін.

3. Аудандық мәслихаттың өз құзыреті шегінде және азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты қабылдаған шешімдері зандарда белгіленген тәртіpte ресми жариялануға тиіс және ол аудан аумағында орындалуа міндетті.

4. Аудандық мәслихаттың жалпыға бірдей міндетті маңызы бар, ведомствоаралық сипаттағы немесе азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты шешімдерін зандарда белгіленген тәртіпте Ақмола облыс Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуіне жатады.

#### **5 тарау. Аудандық мәслихат жұмысын үйымдастыру**

1. Аудандық мәслихат өз өкілеттігін сессияларда тұрақты комиссиялары мен өзге де органдары, аудандық мәслихат сессиясының төрағасы, депутаттары мен хатшысы арқылы Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген тәртіпті жүзеге асырады.

2. Аудандық мәслихат қызметінің негізгі нысаны сессия болып табылады, онда мәслихаттың қарауына зандармен жатқызылған мәселелер шешіледі.

Егер аудандық мәслихатқа сайланған депутаттар санының кемінде үштен екісі сессияға қатысса, аудандық мәслихат сессиясы занды болады.

#### **3. Аудандық мәслихат:**

1) аудандық мәслихат сессиясының төрағасын, аудандық мәслихат хатшысын сайлайды және қызметінен босатады, олардың есептерін тындайды;

2) аудандық мәслихаттың тұрақты комиссиялары мен өзге де органдарын құрады, олардың төрағаларын сайлайды және қызметінен босатады, олардың жұмысы туралы есепті тындайды;

3) аудандық мәслихаттың қызметін қамтамасыз етуге арналған шығыстарды айқындайды, тексеру комиссиясының актілерін бекітеді;

4) зандарда белгіленген адам саны мен қаражат лимиті шегінде аудандық мәслихат аппаратының құрылымымен бекітеді және оны ұстауға әрі материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етуге арналған шығыстарды айқындайды. Мәслихат аппараты мемлекеттік қызметшілерінің штат саны лимиті аудандық мәслихат депутаттарының саны негізге алынып, жеті депутатқа бір қызметкер қатынасында, яғни 3 мемлекеттік қызметкерден кем болмау керек.

5) аудандық мәслихаттың регламентін бекітеді;

6) депутаттардың сауалдарын қарайды және олар бойынша шешімдер қабылдайды;

7) өз жұмысын үйымдастыру жөнінде өзге де шешімдер қабылдайды.

#### **6 тарау. Аудандық мәслихат сессиясын шақыру тәртібі**

1. Жаңадан сайланған мәслихаттың бірінші сессиясын аудандық мәслихат үшін белгіленген депутаттар санының кемінде төрттен үші болған ретте, мәслихат депутаттары тіркелген күннен бастап отыз күн мерзімнен кешіктірмей, аудандық сайлау комиссиясының төрағасы шақырады.

2. Аудандық мәслихаттың кезекті сессиясы кемінде жылына төрт рет шақырылады және оны аудандық мәслихат сессиясының төрағасы жүргізеді. Мәслихаттың кезектен тыс сессиясын аудандық мәслихатқа сайланған

депутаттар санының кемінде үштен бірінің, сондай-ақ аудан әкімінің ұсынысы бойынша аудандық мәслихат сессиясының төрағасы шақырады және жүргізеді.

Кезектен тыс сессия оны өткізу туралы шешім қабылданған күннен бастап бес күн мерзімнен кешіктірілмей шақырылады. Кезектен тыс сессияда оны шақыруға негіз болған ерекше мәселелер қаралуы мүмкін.

3. Аудандық мәслихат хатшысы аудандық мәслихат сессиясын шақыру уақыты мен өткізілетін орны туралы, сондай-ақ сессиясының қарауына енгізілетін мәселелер туралы депутаттарға, халыққа және аудан әкіміне - сессияға кемінде он күн қалғанда, ал кезектен тыс сессия шақырылған жағдайда кемінде үш күн бұрын хабарлайды. Аудандық мәслихат хатшысы сессияның қарауына енгізілетін мәселелер бойынша қажетті материалдарды депутаттарға және аудан әкіміне - сессияға кемінде бес күн қалғанда, ал кезектен тыс сессия шақырылған жағдайда кемінде үш күн қалғанда табыс етеді.

4. Аудандық мәслихат қарайтын мәселелерді сессия төрағасы, тұрақты немесе басқа комиссиялар, депутаттық топтар, депутаттар, аудан әкімі ұсынады.

5. Келіп түскен ұсыныстар күн тәртібіне сессияға қатысып отырған депутаттардың көпшілік дауыс беруі арқылы енгізіледі.

## **7 тарау. Аудандық мәслихат сессиясын өткізу тәртібі**

1. Аудандық мәслихат жалпы отырыс нысанында өткізіледі.

2. Аудандық мәслихаттың бірінші сессиясын аудандық сайлау комиссиясының төрағасы ашады және аудандық мәслихат сессиясының төрағасы сайланғанға дейін жүргізеді. Одан әрі аудандық мәслихат сессиясын аудандық мәслихат сессиясының төрағасы жүргізеді.

3. Егер аудандық мәслихат депутаттары жалпы санының кемінде үштен екісі мәслихат сессиясына қатысса, ол заңды болады.

4. Шешімдер мәслихат депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады.

5. Аудандық мәслихат сессиясының жұмысы мемлекеттік және орыс тілдерінде жүргізіледі.

6. Сессия жұмысында аудандық мәслихат шешімі бойынша аудандық мәслихат белгілеген он бес күнтізбелік күннен аспайтын мерзімге үзіліс жасалуы мүмкін.

7. Мәжілістердің басталу және аяқталу уақыты төрағаның ұсынысы бойынша сессияда белгіленеді. Оның жұмысында аудандық мәслихат белгілеген он бес күнтізбелік күннен аспайтын мерзімге үзіліс жасалуы мүмкін.

Сессияда баяндама жасау үшін уақыт 1 сағатқа дейін, қосымша баяндама жасау үшін 20 минутқа дейін беріледі. Сессиясының күн тәртібінде белгіленген мәселені талқылау барысындағы жарыссөзге қатысу үшін 10 минут, жарыссөзге бір рет қайта қатысу үшін және шешімнің кейбір тармақтарын талқылау кезінде

сөз сөйлеу үшін 5 минутқа дейін уақыт беріледі.

Кандидатуралар, мәжілісті жүргізу тәртібі, дауыс беру себептері бойынша, сөз сөйлеу, мәлімдемелер, сауалдар, ұсыныстар, хабарламалар мен анықтамалар жасау үшін, сұрақтар қою үшін 3 минутқа дейін уақыт беріледі. Депутаттардың көпшілігінің қолдауы бойынша төрағалық етуші сөз сөйлеу берілген уақытты

ұза р т а а л а д ы .

Депутаттық сауалға жауап беру үшін 10 минутқа дейін, сұраққа жауап беру үшін 5 минутқа дейін уақыт беріледі.

8. Жарыссөзге қатысу үшін сөз алу туралы өтініш төрағалық етушіге беріледі.

Аудандық мәслихаттың депутаты сессияда төрағалық етуші сөз бергеннен ке й і н сөйле ید і .

Төрағалық етуші жарыссөзге қатысу мүмкіндігін өтініштердің тұсу ретіне қарай береді. Төрағалық етуші себебін түсіндіре отырып, қажет болған жағдайда сөйлеу кезегінің ретін өзгерте алады.

Сессияны жүргізу тәртібі, анықтама, сұрақтарға жауап беру және түсініктеме беру жөніндегі сөзді кезектен тыс бере алады.

Баяндамашыларға сұрақ жазба түрінде жіберіледі немесе орыннан ауызша қо ый ы л а д ы .

Сессия төрағасы, аудан әкімі, не оның орнындағы адам, аудандық мәслихаттың хатшысы кез келген уақытта сөз алғып сөйлеуге құқығы бар.

Сессияда сөйлеуші дөрекі, әдепсіз сөздерді қолданбауы керек. Олай болған жағдайда, төрағалық етуші ескерту жасауға құқылы.

Егер кімде-кім, төрағалық етушінің рұқсатынсыз сөз сөйлейтін болса, микрофон ескертусіз өшірілуі мүмкін.

Егер сөз алған адам талқыланып отырған тақырыптан ауытқып кетсе, төрағалық етуші ескерту жасай алады.

Егер сөз сөйлеуші өзіне берілген уақыттан көп сөйлесе, немесе тақырыптан ауытқып кетсе, сөз барысында дөрекілік танытса, төрағалық етуші ондай адамды бір рет ескерту жасағаннан кейін сөз сөйлеу құқынан айырады.

9. Аудандық мәслихат сессиялары, әдетте, ашық сипатта болады. Аудандық мәслихат сессиясы төрағасының немесе аудандық мәслихат сессиясына қатысып отырған депутаттар санының Өштешен бірінің өсімдіктерінде жасауға мүмкін. Егер қатысып отырған депутаттардың жалпы санының көпшілігі осы үшін дауыс берсе, жабық сессиялар өткізуге жол беріледі.

10. Аудан әкімі немесе оның орнындағы адам аудандық мәслихаттың және оның органдарының кез келген мәжілістеріне, соның ішінде жабық мәжілістеріне қатысуға құқылы. Сессия өтіп жатқан кезде төралқада сессия төрағасынан басқа мәслихаттың хатшысы, аудан әкімі немесе оның орнындағы адам отырады.

Сондай-ақ аудандық мәслихаттың шешімі бойынша басқа депутаттар мен ресми  
адамдар сайлануы мұмкін.

11. Аудандық мәслихат сессиясы төрағасының шақыруы бойынша жергілікті  
атқарушы органдар басшылары, аудан аумағында орналасқан ұйымдардың  
басшылары мен өзге де лауазымды адамдары аудандық мәслихаттың құзырына  
жататын мәселелер бойынша ақпараттар беру үшін аудандық мәслихат  
сессиясына келуге міндетті.

12. Жарыссөз сессия төрағасының ұсынысы бойынша ашық дауыс беру  
арқылы сессияға қатысып отырған депутаттардың жалпы санының көпшілік  
дауысмен тоқтатылады.

13. Жарыссөздің аяқталуына байланысты айтылмай қалғандар,  
депутаттардың өтініші бойынша, сессияның төралқасына тапсырылып, мәтіндері  
сессия материалдарына енгізіледі.

## **8 тарау. Аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларын ұйымдастыру және олардың қызметі**

1. Аудандық мәслихат өз өкілеттігі мерзіміне тұрақты комиссиялар құруды  
қажет болған жағдайда, аудандық мәслихат тұрақты комиссияларды жаңадан  
құрып, таратып және қайта ұйымдастыра алады.

2. Тұрақты комиссиялардың тізбесі мен сан құрамын аудандық мәслихат  
белгілейді. Тұрақты комиссиялардың төрағалары мен мүшелерін өз депутаттары  
арасынан аудандық мәслихат сайлайды. Тұрақты комиссияларды сайлау сессия  
шешімі бойынша комиссия құрамы бойынша тұтас немесе әр кандидатурага жеке  
дауыс беру арқылы жүргізіледі.

3. Тұрақты комиссиялар аудандық мәслихат алдында жауапты және жылына  
кемінде бір рет өз қызметі туралы есеп береді.

## **9 тарау. Аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларындағы көпшіліктік тыңдаулар**

1. Тұрақты комиссиялар өз бастамасы бойынша немесе аудандық  
мәслихат шешімі бойынша көпшіліктік тыңдаулар өткізе алады.

2. Көпшіліктік тыңдаулар депутаттардың, атқарушы органдар, өзін-өзі  
басқару органдары, ұйымдар, бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің,  
азаматтардың қатысуымен осы комиссиялардың кеңейтілген отырыстары түрінде  
тұрақты комиссияның қарауына жататын мейлінше маңызды және қоғамдық  
мәні бар мәселелерді талқылау мақсатында өткізіледі.

## **10 тарау. Аудандық мәслихат тұрақты комиссияларының қызметі мен өкілеттігі**

### **1. Тұрақты комиссиялар:**

1) Аудандық мәслихат сессиясының күн тәртібі бойынша, сондай-ақ  
аудандық мәслихат сессиясында қаралатын кез келген мәселе бойынша аудандық  
мәслихат сессиясының төрағасына, хатшысына ұсыныс енгізуге.

2) Өздерінің құзырына жататын әрі аудандық мәслихат сессиясының қарауына енгізілген мәселелер бойынша қорытындылар беруге;

3) Өздерінің құзырына жататын мәселелер бойынша аудандық мәслихат сессияларында баяндамалар мен қосымша баяндамалар ұсынуға.

4) Өз құзыреті шегінде сессияда жергілікті атқарушы органдар басшыларының есептерін тыңдау туралы аудандық мәслихатқа ұсыныс енгізуге;

5) комиссияның жұмысына аудандық мәслихаттың басқа да депутаттарын, сондай-ақ мемлекеттік органдар, ұйымдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары өкілдерін және азаматтарды тартуға құқылы.

2. Әкімдік, орталық атқарушы органдардың жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын аумақтық бөлімшелерінің, атқарушы органдардың лауазымды адамдары, ұйымдар белгіленген тәртіпке тұрақты комиссияларға олардың құзыретіндегі мәселелер бойынша қажетті ақпарат беруге міндетті.

3. Аудандық мәслихаттың тұрақты комиссиялары өз құзыретіндегі мәселелер бойынша қаулылар қабылдайды.

## **11 тарау. Аудандық мәслихаттың тұрақты комиссиялары жұмысының және қаулылар қабылдауының тәртібі**

1. Тұрақты комиссиялардың отырысы қажеттілігіне қарай шақырылады және егер отырысқа олардың құрамына кіретін депутаттар санының жартысынан астамы қатысса, заңды болып есептеледі.

2. Тұрақты комиссиялардың қаулысы комиссия мүшелері жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады.

Комиссияның отырысында дауыс беру кезінде депутаттардың дауысы тең бөлінген жағдайда, тұрақты комитеттің төрағасы шешуші дауыс құқығын пайдаланады.

3. Тұрақты комиссияның қаулысы мен отырыстың хаттамасына оның төрағасы қол қояды, ал бірнеше тұрақты комиссияның бірлескен отырысы еткізілген жағдайда, тиісті комиссиялардың төрағалары қол қояды.

## **12 тарау. Аудандық мәслихаттың тексеру комиссиясы**

1. Аудандық мәслихат жергілікті бюджеттің атқарулына бақылау үшін өз өкілеттігі мерзіміне аудандық мәслихат тексеру комиссиясының, тексеру комиссиясының төрағасын аудандық мәслихат депутаттар арасынан сайлайды. Тексеру комиссиясы мүшелерінің санын аудандық мәслихат белгілейді.

2. Тексеру комиссиясының төрағасын аудандық мәслихат депутаттар арасынан сайлайды. Аудандық мәслихаттың тексеру комиссиясының төрағасы өз қызметін басқа жұмыстан босатылған негізде жүзеге асырады.

3. Тексеру комиссиясының жұмысына аудандық мәслихат депутаты емес адамдар да шарт негізінде тартылуы мүмкін.

4. Тексерулер аудандық мәслихаттың, тексеру комиссиясының аудандық

мәслихат хатшысының шешімдерімен, аудандық мәслихат депутаттары санының кемінде үштен бірінің талап етуі бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзге де жағдайларда жүргізілуі мүмкін . Тексеру нәтижесі бойынша тексеру комиссиясы акт жасап, ол туралы аудандық мәслихат пен әкімдікке хабарлайды. Тексеру жылына кемінде бір рет жүргізіледі.

5. Аудандық мәслихат депутаты басқа жұмыстан босатылған негізде тексеру комиссиясының тәрағасы болып сайланған жағдайда, оған аудандық мәслихат аппаратының басшысы үшін белгіленген мөлшерде жалақы белгіленеді.

6. Тексеру комиссиясының өкілеттігі мен жұмыс тәртібі мәслихат регламентімен белгіленеді.

### **13. Аудандық мәслихаттың уақытша комиссиялары**

1. Аудандық мәслихаттың құзырына жатқызылған мәселелерді сессияларда қарauғa әзірлеу мақсатында аудандық мәслихат не аудандық мәслихат хатшысы уақытша комиссиялар құруға құқылы. Уақытша комиссиялардың құрамын, міндеттерін, өкілеттік мерзімдерін және құқықтарын мәслихат оларды құру кезінде б е л г і л е й д і .

2. Аудандық мәслихаттың уақытша комиссиялары өз құзыретіндегі мәселелер бойынша қорытындылар қабылдайды.

3. Уақытша комиссия жұмысына қатысқаны үшін ақы төленбейді.

### **14. Аудандық мәслихаттың депутаттарын сайлау жөніндегі округтік участекелік сайлау комиссияларын құру және сайлау**

1. Сайлау комиссияларының жаңа құрамын құру және сайлау- сайлау комиссияларының өкілеттіктерінің аяқталуына кемінде бір ай қалғанда басталады және кемінде үш күн қалғанда аяқталады.

2. Аудандық мәслихаттың хатшысы сайлау комиссияларын құру туралы бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға кемінде үш күн қалғанда өз өкімімен депутаттар мен аппарат қызметкерлері ішінен Уақытша комиссия құру жөнінде Жұмыс тобын құрады .

Аудандық мәслихаттың уақытша комиссиясы саяси партиялардан және басқа қоғамдық бірлестіктерден, олардың құрылымдық бөлімшелерінің, жоғары тұрган комиссиялардан құрылатын сайлау комиссиялардың құрамына ұсынылған үміткерлер туралы түсken құжаттарды жинау және өндеумен айналысады. Әрбір саяси партия сәйкесті сайлау комиссияларына өздерінің бір өкілдерін ғана ұсына алады. Саяси партиялар, сандай-ақ олардың құрылымдық бөлімшелері осы партияның мүшесі болмаған адамдарды да сайлау комиссисы құрамына үміткерлікке ұсына алады. Уақытша комиссияға саяси партиялар, басқа қоғамдық бірлестіктер, жоғары тұрган комиссиялар ұсынатын құжаттар т і з б е с і н е к і р е т і н д е р :

1) саяси партиялардың немесе басқа қоғамдық бірлестіктердің, олардың құрылымдық бөлімшелерінің әділет органдарында тіркелгендігі жөніндегі  
құжатының **көшірмесі**;

2) саяси партиялардың немесе басқа қоғамдық бірлестіктердің, олардың құрылымдық бөлімшелерінің, жоғарғы сайлау комиссиясының сәйкесті сайлау комиссиясының құрамына үміткерлер ұсыну туралы отырысы хаттамасының  
**Ұзіндісі**;

3) үміткердің сайлау комиссиясы жұмысына қатынасуға келісімі туралы аудандық мәслихатқа өтініші және кандидат туралы биографиялық мәліметтер.

3. Сайлау комиссиясы құрамы жобасын дайындау кезінде Жұмыс тобы бірінші кезекте саяси партиялардан түскен ұсыныстарды әрі қарай, комиссия мүшесі жетіден кем болған жағдайда басқа қоғамдық бірлестіктер мен жоғары тұрған сайлау комиссияларының ұсыныстарын есепке алады.

4. Жаңа сайлау комиссияларының құрамдарына ұсыныстардың тұсу мерзімі аяқталғанда, Жұмыс тобы сайлау комиссиялары мүшелерін сайлау жөніндегі бюллетенъдер мен сессия шешімінің жобаларын дайындауды.

5. Шешім жобасы мен бюллетенъдер жеке-жеке дайындалады:

- 1) аудандық сайлау комиссия бойынша;
- 2) аудандық мәслихатқа депутат сайлау жөніндегі округтік сайлау комиссия бойынша.
- 3) учаскелік сайлау комиссия бойынша

6. Саяси партиялардың басқа да қоғамдық бірлестіктер мен жоғары тұрған сайлау комиссияларының сайлау комиссияларының құрамдарына ұсынылған барлық кандидатуралар Жұмыс тобының арнайы журналына келіп түскен және тіркелінген кезек ретімен бюллетенъдер және шешімдер жобаларына енеді.

7. Сайлау комиссиясының құрамын сайлау жөніндегі бюллетенъдері сессияға қатынасып отырған барлық аудандық мәслихат депутаттары алып, өз қолдарымен жеке толтырады. Дауысқа салудың қорытындысын сессияда бекітілген Санақ комиссиясы жүргізеді. Санақ комиссиясының сандық құрамы, тәрағасы мәслихаттың сессиясымен анықталады. Сессияға қатысушы депутаттардың көпшілік дауысын алған комиссия мүшелері сайланды деп **есептелеңеді**.

8. Саяси партиялардан сәйкес сайлау комиссиясы мүшелерінің ұсынысына тең (жеті) ұсыныстар түскен жағдайда Жұмыс тобы мәслихаттың сессиясына осы сайлау комиссиясының құрамына дауыс беру ұсынысын енгізеді. Саяси партиялардан сәйкес сайлау комиссиясы мүшелерінің санынан артық (жетіден аса) ұсыныстар түскен жағдайда Жұмыс тобы мәслихаттың сессиясында осы сайлау комиссиясының сайлауын рейтинглік дауысқа салуды ұсынады.

9. Саяси партиялардан сәйкесті сайлау комиссиясына ұсынылған мүшелер

саны жеткіліксіз (жетіден кем) болған жағдайда бюллетенъдегі үміткердің бос орнына басқа қоғамдық бірлестіктерден тұсken үміткерлерді, ал ондай кандидатуралар болмаған жағдайда, жоғары тұрған сайлау комиссиясының кандидатураларын енгізеді (тұсу ретіне сәйкес). Бос орындардың санына тең ұсыныстар тұсken жағдайда уақытша комиссия сессияға осы сайлау комиссиясының құрамына дауыс беру ұсынысын енгізеді. Бос орындардың санынан артық ұсыныстар тұсken жағдайда Жұмыс тобы мәслихаттың сессиясында комиссия құрамына саяси партиялардың өкілдерін сайлауды, ал бос орындарға рейтинглік дауысқа салуды өткізу ді ұсынады.

10. Егер де сайлау комиссиясы құрамына дауыс беріп жатқан кезде ұсынылған үміткерлер саны жетіге сәйкес келсе, мәслихат депутаттары нақтылы бір үміткерге қарсылық білдіреді ол сол саяси партияның немесе қоғамдық бірлестіктің үміткерімен ауыстырылады. Бұндай істі бір-ақ рет жасау ұсынылады .

11. Бюллетеньге осы кандидатураның қай саяси партиядан (басқа да қоғамдық бірлестіктен, жоғары тұрған сайлау комиссиясынан) енгізілгенін, үміткерлердің фамилиясы, аты, әкесінің аты көрсетілетін деректер кіреді. Кандидатуралар фамилияларының он жағында депутаттар белгі қоятын шаршылар бейнеленеді. Депутаттар жеті шаршыда белгі қояды.

12. Дауысқа салудың қорытындысын мәслихаттың сессиясында Санақ комиссиясының төрағасы жариялады.

13. Санақ комиссиясының төрағасы комиссия төрағаларын, олардың орынбасарлары мен хатшыларын сайлау жөніндегі сайлау комиссияларының өткізу мэрзімдерін (құрылғаннан кейін жеті күннен аспауы керек) хабарлайды. Санақ комиссиясының төрағасы сайлау комиссиясының өткізу мэрзімдерін (құрылғаннан кейін жеті күннен аспауы керек) хабарлайды. Бұл комиссия мүшесін белгілейді. Депутаттар дауыстарының тең жағдайында ол кандидатура бюллетенінде тұрған орны бойынша анықталады.

14. Мәслихат хатшысы "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы"» Конституциялық Занға сәйкес, сәйкесті сайлау комиссиясы құрамының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етеді. Материалдар басылымның бір санында қосымшасымен бірге орналасуы керек.

15. "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңында қаралған жағдайда мәслихат сәйкесті сайлау комиссиясы мүшесін босатуға және кеткенінің орнына қайта сайлауға шешім қабылдайды. Босаған лауазымның орнына осы сайлау комиссиясында өкілдері жоқ саяси партия мен басқа да қоғамдық бірлестіктердің өтініштері қабылданады .

16. Сайлау комиссияларын сессияда сайлаган кезде Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Заңына сәйкес олардың бір үйымнан болмауын қадағалау керек, міндегі түрде сәйкесті әкімшілік аумақтың бірлікте тұруын есепке алу керек. Президентке үміткерлер, Парламент және мәслихат депутаттары, сенімді тұлғалар, жергілікті өзін-өзі басқару үйымдарының мүшелері, жұбайлары және басқа да кандидатқа туыстық қатынасы барлар, сондай-ақ кандидаттың тікелей қарамағындағы тұлғалар сайлау комиссиясының мүшесі бола алмайды.

### **15 тарау. Аудандық мәслихат сессиясының төрағасы**

1. Аудандық мәслихат сессиясының төрағасын аудандық мәслихат өз депутаттарының арасынан сайлады.

2. Аудандық мәслихат сессиясының төрағасы ашық дауыс беру арқылы аудандық мәслихат депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен сайланады.

3. Аудандық мәслихаттың кезекті сессиясының төрағасы аудандық мәслихаттың алдыңғы сессиясында сайланады. Сессияның төрағасы болмаған жағдайда оның өкілеттігін мәслихат аудандық хатшысы жүзеге асырады.

Аудандық мәслихат депутаты аудандық мәслихат сессиясының төрағасы болып күнтізбелік жыл ішінде екі реттен артық сайлана алмайды.

4. Аудандық мәслихат сессиясының төрағасы:

1) аудандық мәслихат сессиясын шақыру туралы шешім қабылдайды;

2) мәслихат сессиясын өзірлеуге басшылық жасауды жүзеге асырады, сессияның күн тәртібін қалыптастырады;

3) мәслихат сессиясының отырысын жүргізеді, аудандық мәслихат регламентінің сақталуын қамтамасыз етеді;

4) аудандық мәслихаттың сессиясында қабылданған немесе бекітілген мәслихаттың шешіміне, хаттамаларға, өзге де құжаттарға қол қояды.

5). Аудандық мәслихат сессиясының төрағасы өз қызметін басқа жұмыстан босатылмаған негізде жүзеге асырады.

6). мәслихат сессиясында дауыс беру кезінде депутаттардың дауысы тең бүлінген жағдайда, аудандық мәслихат сессиясының төрағасы шешуші дауыс құқығын пайдаланады.

### **16 тарау. Аудандық мәслихаттың хатшысы**

1. Аудандық мәслихаттың хатшысы тұрақты негізде жұмыс істейтін лауазымды адам болып табылады. Оны аудандық мәслихат сессиясында депутаттардың арасынан ашық немесе дауыс беру арқылы депутаттар жалпы санының көпшілік даусымен мәслихат сайлады және қызметтен босатады. Аудандық мәслихаттың хатшысы аудандық мәслихат өкілеттігі мерзіміне сайланады .

2. Мәслихат хатшысы лауазымына кандидатураларды мәслихат депутаттары

## 3. Мәслихат хатшысы:

1) аудандық мәслихат сессиясын және оның қарауына енгізілетін мәселелерді әзірлеуді ұйымдастырады, хаттама жасалуын қамтамасыз етеді және сессия тәрағасымен бірге мәслихат сессиясында қабылданған немесе бекітілген шешімдерге, өзге де құжаттарға қол қояды;

2) аудандық мәслихат депутаттарының өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына жәрдемдеседі, оларды қажетті ақпаратпен қамтамасыз етеді, депутаттарды аудандық мәслихат сессияларына, оның тұрақты комиссияларының және өзге де органдарының жұмысына және сайлау округтеріндегі жұмысқа қатысуы үшін қызметтік міндеттерін орындаудан босатуға байланысты мәселелерді қарайды;

3) депутаттар сауалдарының және депутаттық өтініштердің қаралуын бақылады;

4) аудандық мәслихат аппаратының қызметіне басшылық жасайды, оның қызметшілерін қызметке тағайындауды және қызметтен босатады;

5) сайлаушылар өтініштері туралы және олар бойынша қабылданған шаралар аудандық мәслихатқа ұдайы ақпарат беріп отырады;

6) аудандық мәслихаттың жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен өзара іс-қимылын үйымдастырады;

7) өз құзыретіндегі мәселелер бойынша өкімдер шығарады;

8) аудандық мәслихаттың тұрақты комиссиялары мен өзге де органдарының және депутаттық топтардың қызметін үйлестіреді;

9) мемлекеттік органдармен, ұйымдармен, жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен және қоғамдық бірлестіктермен қарым-қатынастарда аудандық мәслихат атынан өкіл болады;

10) аудандық мәслихат шешімдерінің жариялануын қамтамасыз етеді, олардың орындалуына бақылау жасау жөніндегі іс-шараларды белгілейді;

11) аудандық мәслихат шешімі бойынша өзге де міндеттерді орындауды.

4. Аудандық мәслихат хатшысының аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларында болуға құқығы жоқ.

5. Аудандық мәслихаттың хатшысы болмаған кезде оның өкілеттігін мәслихат сессиясы тәрағасының шешімі бойынша аудандық мәслихат тұрақты комиссияларының бірінің тәрағасы уақытша жүзеге асырады.

6. Аудандық мәслихат депутаты тұрақты негізде аудандық мәслихат хатшысы болып сайланған жағдайда, оған аудан әкімінің орынбасары үшін белгіленген мөлшерде жалақы белгіленеді.

## **17. Аудандық мәслихат депутаты**

1. Аудандық мәслихат депутаты жалпы мемлекеттік мүдделерді ескере отырып, аудан халқының еркін білдіреді.

2. Аудандық мәслихат депутатының өкілеттігі аудан сайлау комиссиясы оны депутат ретінде тіркеген кезден басталып, аудандық мәслихат өкілеттігі тоқтатылған кезден бастап тоқтайды.

3. Аудандық мәслихат депутатының өкілеттігі мынадай жағдайларда:

1) депутат заңдарға сәйкес депутаттың міндеттерді орындаумен сыйымсыз лауазымға сайланса немесе тағайындалса;

2) депутатты әрекетке қабілесіз деп тану туралы сот шешімі заңды күшіне енсе;

3) аудандық мәслихаттың өкілеттігі тоқтатылса;

4) депутат қайтыс болса;

5) Ол Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылса;

6) соттың депутатқа қатысты айыптау үкімі заңды күшіне енсе;

7) аудан тысқары жерге тұрақты тұруға кетсе;

8) депутаттың орнынан тұсу туралы жеке өтінішіне байланысты

9) депутат өз міндеттерін жүйелі түрде орында маса, оның ішінде аудандық мәслихат сессиясының жалпы отырыстарына дәлелді себептерсіз қатарынан үш реттен артық қатыспаса, мерзімінен бұрын тоқтатылады.

4. Депутаттың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім аудандық сайлау комиссиясының ұсынуы бойынша, қатысып отырған депутаттардың жалпы санының көпшілік даусымен аудандық мәслихат сессиясында қабылданады.

5. Аудандық мәслихаттың депутаты, тұрақты комиссиясы аудандық мәслихат сессиясының төрағасына, аудандық мәслихат хатшысына аудан әкіміне, аудан аумағында орналасқан кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің басшыларына аудандық мәслихаттың құзыретіне жататын мәселелер бойынша саударап беруге құқылышы .

6. Саул сессияға жазбаша немесе ауызша түрде енгізіледі. Жазбаша түрде енгізілген саул жария етілуге тиіс. Саул берілген мемлекеттік орган, лауазымды адам аудандық мәслихаттың сессиясында саулға жазбаша немесе ауызша жауап беруге міндетті. Саулға жауап түскен күннен бастап 30 күннің, ал қосымша зерделеу мен тексеруді қажет етпейтін өтініштер бойынша - 10 күннің ішінде беріледі .

7. Қосымша тексерулер жүргізу қажет болған жағдайларда бұл мерзімдерді аудандық мәслихат ұзартуы мүмкін, ол туралы аудандық мәслихаттың деputatына хабарлана .

8. Қажет болған жағдайда саулға қайтарылған жауап және оны талқылаудың нәтижелері бойынша аудандық мәслихат шешім қабылдайды.

**18 тарау. Депутаттың өз өкілеттігін жүзеге асыруы кезіндегі құқықтары мен міндеттері**

## 1 . Д е п у т а т :

1) сайлауға және аудандық мәслихат сессиясының төрағасы, аудандық мәслихат хатшысы, тексеру комиссиясының төрағасы, тұрақты комиссияның төрағасы немесе мүшесі болып сайлануға, аудандық мәслихаттың өзге де о р г а н д а р ы н а с а й л а н у ғ а ;

2) аудандық мәслихат сессиясы мен оның тұрақты комиссияларында және өзге де органдарда қарау үшін мәселелер ұсынуға, оларды қарауға және шешімдер қа б ы л д ау ғ а қ а т ы с ү ғ а ;

3) аудандық мәслихаттың аумағында орналасқан жергілікті атқарушы органдар мен ұйымдарға аудандық мәслихаттың құзыретіне жатқызылатын мәселелер бойынша сауалдар беруге және жолданымдар жіберуге;

4) өз округінің сайлаушыларымен, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен және ұйымдармен кездесулер мен жиналыстар өткізуге;

5) аудандық мәслихат сессиясында аудан аумағында орналасқан жергілікті атқарушы орган мен ұйымдардың лауазымды адамдарының аудандық мәслихаттың құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша есептерін тыңдау туралы ұ с ы н ы с т а р е н г і з у ғ е ;

6) аудандық әкімдіктің отырыстарының жұмысына қатысуға;

7) аудандық мәслихат пен оның органдары отырыстарының стенограммаларымен және хаттамаларымен танысуға;

8) белгіленген заң тәртібімен тіркелген саяси партиялар мен өзге де қоғамдық бірлестіктердің депутаттық топтары түрінде депутаттық бірлестіктер құруға құқылы. Депутаттық топ мәслихаттың кемінде бес депутатын біріктіруге тиіс.

9) Депутаттық топтарды тіркеу мәслихат сессиясында жүзеге асырылады.

10) заңдарда және аудандық мәслихат регламентінде көзделген өзге де іс-әрекеттерді жүзеге асыруға құқылы.

## 2 . Д е п у т а т :

1) аудандық мәслихаттың және өзі құрамына сайланған оның органдарының ж ұ м ы с ы н а қ а т ы с ү ғ а ;

2) өз округі сайлаушыларымен тұрақты байланыс жасауға, оларға аудандық мәслихаттың жұмысы, оның тұрақты комиссиялары мен өзге де органдарының қызметі, облыстық мәслихат шешімдерінің орындалуы туралы ұдайы хабарлап отыруға, аудандық мәслихат шешімдерінің орындалуын ұйымдастыруға және бақылау жасауға қ а т ы с ү ғ а ;

3) сайлаушылардың өзіне келіп түскен өтініштерін қарауға, азаматтарды жеке қабылдауды ұдайы жүргізуға міндettі.

3. Аудандық мәслихаттың әрбір депутатына өкілеттіктерін кедергісіз және тиімді жүзеге асыру үшін жағдай жасалуына, оның құқықтарын, қадір-қасиеті мен ар-ожданын қорғауға кепілдік беріледі.

## **19 тарау. Депутаттық қызметті жүзеге асыруға байланысты шығыстарды өтөу**

Депутат регламентте белгіленген тәртіппен аудандық мәслихат сессияларын, тұрақты комиссияларының және өзге де органдарының отырыстарын өткізу кезеңінде, депутаттық өкілеттіктерді жүзеге асыру уақытында оған негізгі жұмыс орны бойынша жергілікті бюджеттің қаражаты есебінен орташа жалақысы, бірақ осы қызметте бір жылға дейінгі жұмыс стажы бар аудан әкімі аппараты басшысының жалақысынан аспайтын мөлшерде және жол жүру уақыты ескеріліп, сессиялар өтетін мерзімдегі іссапар шығыстары өтеле отырып, қызметтік міндеттерін орындаудан босатылады.

## **20 тарау. Аудандық мәслихат өкілеттігін тоқтату негіздері**

1. Аудандық мәслихат өкілеттігі Қазақстан Республикасының Конституциясында белгіленген өкілеттік мерзімі аяқталғанда тоқтатылады.

2. Аудандық мәслихат өкілеттігін мынадай жағдайларда:

1) Қазақстан Республикасының Конституациясын, заңдарын сот тәртібімен заңсыз деп танылған шешімдер қабылдау түрінде бірнеше рет (екі және одан да көп) **бұзса;**

2) егер жаңадан сайланған аудандық мәслихат бірінші сессиясы ашылған күннен бастап отыз күн өткенше өз құрылымын белгілемесе және тиісті органдарын **құрмаса;**

3) қайта ұйымдастырылса немесе таратылса;

4) аудандық мәслихат өз депутаттары жалпы санының кемінде үштен екіншінде жасырын даусымен өзін-өзі тарату туралы шешім қабылдаса;

5) аудандық бюджетті ауданды дамытудың жоспарларын, экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын екі рет бекітпеумен білдірілген облыстық әкімдікпен арада ескерілмейтін келіспеушіліктер болса;

6) ауданды басқару схемасын екі бекітпеумен білдірілген өкіммен арада ескерілмейтін келіспеушіліктер болса;

## **21 тарау. Мәслихаттың аудан әкіміне сенімсіздік білдіру өкілеттігі**

1. Мәслихат өз депутаттары жалпы санының Өштен екіншінде даусымен әкімге сенімсіздік білдіруге және тиісінше Қазақстан Республикасы Президентінің алдына оны қызметтінен босату туралы мәселе қоюға құқылышы.

2. Әкімі ұсынған ауданды дамытудың жоспарларын, экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын, аудандық бюджеттің атқарылуы туралы есептерді аудандық мәслихаттың екі рет бекітпеуі аудандық мәслихаттың аудан әкіміне сенімсіздік білдіруі туралы мәселені қарауы үшін негіз болып табылады.

## **22 тарау. Аудандық мәслихат аппараты**

1. Аудандық мәслихат аппараты аудандық мәслихат пен оның органдарын ұйымдастырушылық, құқықтық, материалдық-техникалық және өзге де қамтамасыз етуді жүзеге асырады, депутаттарға өздерінің өкілеттігін жүзеге

а с ы р у ф а

к ө м е к

к ө р с е т е д і .

2. Аудандық мәслихат аппараты мемлекеттік қызметшілерінің қызметі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

3. Аудандық мәслихаттың өкілеттік мерзімінің аяқталуымен, облыстық мәслихат өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған және оның депутаттарының жаңа құрамы сайланған жағдайларда, аудандық мәслихат аппараты мемлекеттік қызметшілерінің қызметі тоқтатылмайды.

4. Аудандық мәслихат аппараты жергілікті бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекеме болып табылады.

5. Аудандық мәслихат аппаратының жұмысы аудандық мәслихаттың хатшысы бекіткен ереже негізінде жүргізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК